

## **Тобыл кенті әкімінің 2012 жылғы 11 наурыздағы № 1 "Тобыл кентінің көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кенті әкімінің 2018 жылғы 20 қарашадағы № 12 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 8163 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Таран ауданы Тобыл кентінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы" Тобыл кенті әкімінің 2018 жылғы 17 қаңтардағы № 2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7123 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Тобыл кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тобыл кенті әкімінің 2012 жылғы 11 наурыздағы № 1 "Тобыл кентінің көшелеріне атау беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-164 тіркелген, 2012 жылғы 5 шілдедегі "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің 1-тармағының 3), 5), 7), 13), 19), 34), 35), 40) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

- "3) № 3 атаусыз көшесіне - Бейбітшілік көшесі;
- 5) № 5 атаусыз көшесіне - Тәуелсіздік көшесі;
- 7) № 7 атаусыз көшесіне - Достық көшесі;
- 13) № 13 атаусыз көшесіне - Болашақ көшесі;
- 19) № 19 атаусыз көшесіне - Бақыт көшесі;
- 34) № 34 атаусыз көшесіне - Бірлік көшесі;
- 35) № 35 атаусыз көшесіне - Самал көшесі;
- 40) № 40 атаусыз тұйық көшесіне - Жеңіс көшесі;"

2. "Тобыл кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Таран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тобыл кенті әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Есмағамбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК